Абай облысы білім басқармасының

Жарма ауданы білім бөлімінің

«Абай атындағы мектеп-балабақша кешені»

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ХАТТАМАСЫ

2023-2024 оқу жылы

Мектеп директоры

М.О

М.Е.Бейсембаева

Шар қаласы

Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің
«Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
педагогикалық кеңес хаттамасы
№1

Қатысқандар: 42
Қатыспағаны: 0

күні: 28.08.2023ж

Тақырыбы: **«Табысты мектеп – табысты мұғалім»** шеңберінде қызмет ету, жетістікке жету жолдарын айқындау.

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысына есеп, артықшылықтар мен кемшіліктерді анықтау;
2. 2023-2024 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және жүзеге асыру. ЖОЖ, күнтізбелік –тақырыптық жоспарларды талдау және бекіту;
3. Мектеп әкімшілігінің, сынып жетекшілердің, пән мұғалімдерінің лауазымдық міндеттерін және тарификациялық комиссия құрамын бекіту;
4. Мектептің ішкі ережесіне өзгерістер енгізу, ұжымдық келісім шарт, еңбек келісім шартымен таныстыру және бекіту. Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі туралы;
5. Аз қамтылған және көпбалалы отбасының оқушыларына материалдық көмек көрсету және ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
6. Алғашқы қоңырау мерекесін өткізу туралы;
7. Педагогикалық қызметкерлерді марапатқа ұсыну туралы;

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша мектеп директоры М.Е.Бейсембаева сөз алып, өткен оқу-тәрбие жұмысына есеп берді: Мектептің ең негізгі міндеті – мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту бойынша мектепке бекітілген шағын аудандардағы оқушылардың оқумен қамтылуына байланысты Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына сәйкес жалпыға бірдей білім беруді қамтамасыз ету жұмысы мектепте жүйелі, мектеп директоры бекіткен жоспармен жүргізілді. «Жалпыға бірдей білім беру» айлығы жоспарлы түрде жылына екі рет тамыз, қаңтар айларында, облыстық білім департаменті, аудандық білім бөлімінің бұйрығына сәйкес мектепшілік бұйрықтар шығарылды. Жоспар бойынша мектепке бекітілген 11 көше бойынша жауапты адамдар шағын ауданды аралап, мәліметтер жинақтады. Мектепке бекітілген шағын аудан бойынша оқумен қамтылмаған 9,11-сыныптан кейін еңбекпен қамтылмаған оқушылар жоқ. Өткен оқу жылында педагогикалық кеңес, мектеп директорының жанындағы кеңес, әдістемелік кеңес отырыстары өтті. Педагогикалық кеңесте 2022-2023 оқу жылында жоспарға сай жұмыс атқарды. Бірінші педагогикалық кеңес «Жаңа оқу жылында педагогикалық ұжымды

жұмысқа жұмылдыру, білім беру үдерісін жаңғырту» тақырыбында өткізіліп, 2021-2022 оқу жылының білім беру процесінің қорытындылары, 2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие жоспарын бекіту, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, вариативті компоненттен бөлінген сағаттар жоспары, үйірме жұмыстарының жоспарлары бекітілді. Э.Д.Енсенова 2022-2023 оқу жылында ҚР жалпы білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. «Білім беру үдерісі субъектілерінің мотивациялық саласын дамыту арқылы негізгі құзыреттілікті қалыптастыру» тақырыбындағы педагогикалық кеңесте К.С.Жумукбаева 1, 5 сынып оқушыларының бейімделуін, эмоционалдық-ерік және тұлғалық дамуын зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен таныстырды. Мектептің тәжірибелі ұстаздары Н.К.Ермекбаева, Ш.Х.Хамитова «Педагогтың жоғары кәсіби құзыреттілігі-білім беру үдерісінің жоғары нәтижесі» тақырыбы бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті. «Педагогтердің кәсіби дамуы және педагогикалық ұжым мен мектептің жетістіктері» тақырыбындағы педагогикалық кеңесте мектепке дейінгі тәрбие топтарындағы жыл бойы ҰОҚ туралы, 1-8, 10 сынып оқушыларын сыныптан сыныпқа көшіру, үздік оқушыларды марапаттау, 9,11 сынып білім алушыларын емтиханға жіберу, жазғы демалыс және еңбек практикасына дайындық жұмыстары бойынша М.Е.Бейсембаева, Э.Д.Енсенова, К.С.Жумукбаева, М.С.Сеилханова оқу жылын қорытындылады.

Мектеп директоры жанындағы кеңес күн тәртібінде мектептегі өмір және өрт қауіпсіздігі, терроризмнің алдын алу, еңбек шарты және оның орындалуы, «Мектепке жол» акциясының өтілу барысы, мектеп жасындағы балаларды білім берумен қамтамасыз ету, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы жұмыстар бойынша және тоқсандық оқу-тәрбие жұмысына қорытынды, тоқсандық жиынтық бағалау қорытындылары, сынып оқушыларының мектепке бейімделуі, Күнделік.кз журналының толтырылуы, мектепке дейінгі балалардың тілін дамытудағы жаңа технологияны қолдану, дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеу тәсілдері, педагогтердің мектеп құжаттармен жұмыс сапасын талдау т.б мәселелері қаралды. Педагогикалық кеңес пен мектеп директоры жанындағы кеңесте қаралған мәселелер бойынша қаулы және шешім шығарылып, оқу-тәрбие үрдісінің сапалы жүргізілуіне әсерін тигізді.

Мектепте «*Педагог мәртебесін арттыра отырып, сапалы білім мен саналы тәрбие беру арқылы жеке тұлға қалыптастыру*» проблемалық тақырыбын басшылыққа ала отырып әдістемелік кеңес және 5 әдістемелік бірлестік жұмыс жасады. Әдістемелік кеңесте "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 4 ақпандағы № 58 бұйрығымен, «2022-2023 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатымен таныстырылып, тәжірибелі мұғалімдердің іс-тәжірибесін бақылап, жинақтаудың қорытындысы қарастырылып, пән мұғалімдері өздерінің озық тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар, мектепішілік, аудандық олимпиадаларының қорытындысы, жаратылыстану,

физика пәндері бойынша зертханалық жұмыстардың өткізілу барысы, 2022-2023 оқу жылындағы мұғалімдердің біліктілік санатын көтеруі, курстардан өтуінің қорытындысы, білім алушыларды қорытынды аттестаттауға дайындық барысы қаралды. Әдістемелік кеңесте қаралған мәселелер талқылана келе шешім шығарылып, ұсыныстар жасалды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша балабақшада 2 топта 50 бала тәрбиеленуде. «Балдырған» тобында 25 бала, оның 11-і қыз бала, 14-і ұл бала; «Балапан» тобында 25 бала, оның 15-і қыз бала, 10-ы ұл бала тәрбиеленуде. Балабақша жұмысының жылдық жоспары құрылып, мектеп директоры тарапынан бекітіліп, жоспар бойынша тұрақты жұмыс атқарылуда. Тәрбиешілер ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» қосымша жас ерекшеліктеріне сай сәбилер бағдарламасымен жұмыс істейді. Барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бойынша оқу жоспары сабақ үрдісіне сай жүргізілді. Өтпей қалған ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті жоқ. Жыл ішінде балалар уақытылы тамақтанып, уақытылы ұйқыға жатқызылды. Ата-аналардан арыз-шағым түскен жоқ.

Педагогикалық ұжым мектеп әкімшілігінің басқаруымен алға қойған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ете отырып, «Білім туралы» заңды, «2022-2023 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып, алдыға қойылған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру жолында 3 жылға арналған «Жаңартылған мазмұнды білім беру үдерісінде оқытудың креативтілігін жетілдіре отырып, толық тұлғаны тәрбиелеуде оқушының функционалдық сауаттылығын өмірге бейімдеу» және 2022-2023 оқу жылына арналған «Білім беру мен тәрбие үдерісінің инновациялық қызметі – мұғалім мәртебесін арттырып, жеке тұлға қалыптастыруда сапалы білім мен тәрбие беру» мәселелік тақырыбы аясында жұмыс жасап, мектепішілік жоспарын белгілеп, мектеп жасындағы балаларды оқытуда оқумен толық қамтамасыз етуде, оқушылардың бос уақыттарын есепке алып, пәндік және басқа да үйірме, секцияларға тартуда, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізіп, оқушыларды мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының барлық түрлерімен қамтуда нысаналы жұмыстар атқарды.

2022-2023 оқу жылында мектебіміз бойынша үлгілік оқу жоспары 26.08.2022 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен таңдап алынды. Бастауыш сыныптарға ҚР оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген типтік үлгілік жоспардың 1-қосымшасы алынды. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;
- «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

Вариатив есебінен оқушылардың логикалық қабілеттерің дамыту мақсатында 1-4 сыныптар арасында «Математика және логика» таңдау курсы алынып, пәнді бастауыш сынып жетекшілері жүргізді.
Вариатив есебінен оқушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент жәнемаркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын мақсатында «Жаһандық құзыреттілік» курсы тағайындалды.
Материалдық техникалық базаны, мектеп Жарғысы мен бағытын ескере отырып, оқушылардың техникалық сауаттылығына, болашақ бағдарына бағыттайтын, болашаққа сай біліммен қаруланған азамат пен азаматша тәрбиелеу үшін және мамандық баулуға 10-11 сынып оқушыларына 2 сағаттан «ВС категориялы автомобиль жүргізуші» сағаттары алынды.
Жыл бойы стандарттың орындалуы, күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сай, сынып журналдарының дұрыс жүргізілуі, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы қатаң бақылауда болып, мектеп директоры жанындағы кеңесте, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестік отырыстарында қаралды.

2022-2023 оқу жылы денсаулығына байланысты үйден 4 оқушы білім мен тәрбие алды. Олар, Сембай Ертуған – 1-сынып, Тлеухан Нұрсұлтан – 2 сынып, Тугушев Мирас – 9 сынып, Кеңесбек Бақтияр – 11 сынып. Үйден оқитын оқушылар сабақ кестесіне сай оқытылды. Үйден оқитын оқушылармен оқу бағдарламасына сай жоспарланған сабақтар. толық өтілді. Жыл қорытындысымен себепсіз өтілмеген сабақ жоқ, орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты толығымен орындалды.

Дарынды және талантты балалармен жұмыс. Мектепте дарынды және талантты балалармен жүйелі жұмыс жүргізу, қабілеттерін дамыту, үздік нәтижеге ынталандыру мақсатында «Жас дарын» орталығының жұмыс жасайды. Орталықтың жылдық жоспары құрылған, жоспар аясында тыңғылықты жұмыстар атқарылды. Үйірме, клуб жұмыстары талапқа сай ұйымдастырылып, нәтижеге жетуге бағытталды. Әр пән бойынша дарынды және талантты оқушылар анықталып, тізімі жасалды. 2-11 сынып бойынша 209 білім алушы оның ішінде 203 оқушы (2-4 сыныпта - 18, 5-8 сыныпта 45, 9-11 сыныптарда 21 оқушы) қабілетті оқушы ретінде тіркелген. Бұл жалпы оқушылар санының 40%-ын құрады. Жыл басынан оқушылар аудандық, облыстық, Республикалық, Халықаралық деңгейдегі сайыстар, конкурстарға белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Республика көлемінде ауыз толтырып айтар жетістігіміз: «Golden Talents» V Халықаралық өнер байқауы, «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша мектебіміздің 7 сынып оқушысы Айтбай Азамат бас жүлдені жеңіп алды. Мектебіміздің мақтаныштары 11-сынып оқушысы Ибраим Диана «Елбасы медалі» күміс ерекшелік белгісімен және 10-сынып оқушысы Жұмағазы Нұржамал «Елбасы медалі» қола ерекшелік белгісімен марапатталды. 11-сынып оқушысы Енсенова Аймира Республикалық «Алтын қазына» көрме-байқауына, 10-сынып оқушылары Құсман Ақтанби, Мақсұтбек Нұрай «Сызық бойымен

жүру» номинациясы бойынша Республикалық «ZEREK» чемпионатына қатысып, сертификаттарға ие болды.

Облыс көлемінде жеткен жетістіктерге тоқталсақ, аймақтық Ж.Күшікұлы атындағы химия және биология пәндік олимпиадасына 10-сынып оқушысы Жумагазы Нұржамал қатысып, жүлделі 2-орынды және 80 мың теңгенің сертификатын алды. Облыстық «Балалар әлемі» жобасы аясында балалар оқуы байқауында 7-сынып оқушысы Мақсұтбек Арай 2-орынды иеленді. Облыстық «Зерде» зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстар конкурсында космос, физика бағыты бойынша 2-сынып оқушысы Айманқан Алижан 3-орынды, облыстық ғылыми жобалар конкурсының этномәдениеттану бағыты бойынша Енсенова Аймира 3-орынды жеңіп алды. Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілері Қайсабек Асылжан, Тұрдыбек Төрежан облыстық «RoboBalapan» фестиваліне қатысып, 2-орынды, облыстық «ZEREK» чемпионаты «Сызық бойымен жүру» номинациясы бойынша Құсман Ақтанби 1-орынды иеленді. 11-сынып оқушысы Енсенова Аймира көркем еңбек пәні бойынша облыстық «Алтын қазына» көрме-байқауында 1-орынды жеңіп алды. «Жол қозғалысының жас инспекторы» облыстық байқауында мектеп командасы жүлделі 3-орын алды. «Қазақстан балалары шексіз әлемде» балалар киносының облыстық фестивалінде мектеп командасы «Үздік фильм» номинациясы бойынша 2-орынды, мектебіміздің «Әй-керім» би тобы I облыстық «Жас жұлдыз» балалар шығармашылық байқауында 1-орынды иеленді. Облыстық «Абай оқулары» байқауының «Қара сөздері» бағамы бойынша 9-сынып оқушысы Мақсұтбек Нұрай 3-орынды жеңіп алды.

2022-2023 оқу жылында мектепте тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталсақ, тәрбиенің тоғыз бағытын қамтитын өзекті мәселелер талқыланған тәрбе сағаттары өтті.

Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағытында тәрбие сағаттарына тоқталсақ. Жазғы демалыс кезінде мектеп жанындағы лагерьлерде тілдік үйірмелер (ағылшын тілі) ұйымдастырылды. Білім алушылар арасында тілге байланысты сайыстар жүргізілді.«Үздік тәрбие ісінің меңгерушісі» байқауы өткізілді.Мектепшілік «Үздік сынып жетекші-2023» байқауы ұйымдастырылды. «Үздік сынып жетекші-2023» байқауы ұйымдастырылды. «Үздік оқушы» байқауы өткізілді.«Жылдың үздік сыныбы» байқауы өткізілді.«Ұшқыр ой алаңы» атты дебаттық қозғалыс ұйымдастырылды. Білім алушылар арасында дебат жүргізілді. «Тәлімгер шеберлігі» мектеп тәлімгерлері арасында сайыс өткізілді.

Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие бағытындағы тәрбие сағаттарына тоқтала кетсек. Мектебімізде «Берекелі, мерекелі Алтын күз» атты апталық өткізілді. Даярлық тобының тәрбиеленушілері және 1-4 сынып оқушылары арасында «Әдемі күз» атты күзгі табиғат аясында суретке түсу сайысы өтті. Апталық аясында 5-9 сынып оқушыларымен «Дәрумендер еліне саяхат» тақырыбында күзгі өнімдерден ас мәзірін дайындаубарысын насихаттау мақсатында бейнеролик түсірілді. Апталық барысында барлық сыныптар арасында күзгі жәрмеңке өткізілді. 7-8 сыныптар арасында «Күзгі эстафета» атты спорттық жарыс өтті, жарыстың ерекшелігі әр сынып өз жетекшілерімен қатысты. Оқушылардың уақытын тиімді өткізу мақсатында «Күз келбеті»

тақырыбында қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. 8-11 сынып оқушыларымен «Жырлайды «Ұлт бірлігі – ұлы байлық» атты сынып аралығында би байқауы өткізілді.

Сонымен қатар, бейіналды және бейіндік оқыту жұмыстары, сабақ үрдісінің әдістемелі-ақпараттық және кітапханалық қамтамасыз етілуі, орта білім жүйесін ақпараттандыру, оқу кабинеттері бойынша жұмыс, мектеп парламентінің жұмысы, «Жас сақшы» әскери-патриоттық клубының жұмысы, ата-аналар кеңесінің жұмысы, инклюзивті білім беру, психологиялық жұмыс медициналық қызмет, балалар өмірінің қауіпсіздігі (Қауіпсіз Интернет, жолда жүру ережелері), ғылыми-әдістемелік, педагогикалық кадрлармен жұмыс, пән бірлестіктерінің жұмысы, курсаралық жұмыстар, мектепішілік бақылау жоспарға сай өз деңгейінде жүргізіліп отырды.

2. Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе жаңа оқу жылының оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және жүзеге асыру бойынша мектеп директоры М.Е.Бейсембаева сөз алды: «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) заңдарына сәйкес оқу-тәрбие жоспары құрылып оларды жүзеге асыру үшін жауапты тұлғалар бекітілді.

3. Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе мектеп әкімшілігінің, сынып жетекшілердің, пән мұғалімдерінің лауазымдық міндеттерін және тарификациялық комиссия құрамын бекіту туралы мектеп директоры М.Е.Бейсембаева сөз алып, мектеп директорының лауазымдық міндеттері, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының лауазымдық міндеттері, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары лауазымдық міндеттері, мектептің психологының лауазымдық міндеттері, мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарының лауазымдық міндеттері, балабақша әдіскерінің лауазымдық міндеттері, тәрбиешілердің лауазымдық міндеттері, барлық пән мұғалімдерінің лауазымдық міндеттерімен таныстырды. Сынып жетекшісі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Педагог мәртебесі туралы", басқа да Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады. Сынып жетекшісінің қызметі – білім беру ұйымының жарғысы, білім алушыларға білім берудің өзекті міндеттері, жаңартылған мазмұны, әдіснамасы, сондай-ақ тәрбие нысандары ескерілген тұлғалық бағдарлы тәсіл негізінде құрылған мақсатқа сай бағытталған, жүйелі, жоспарланған процесс. Сынып жетекшісі тәрбие жұмысын ұйымдастыру саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеріп, жоғары өнегелілік қасиеттерге ие бола, білім алушыларды жігерлендіріп, оларға қолдау көрсетіп

және биік адами мұраттарға бағыттайды. Сынып жетекшісі білім беру ұйымы басшысының (директорының) бұйрығымен тағайындалады. Сынып жетекшісі қызметін жоспарлауды және бақылауды жалпы орта білім беру ұйымы басшысының (директорының) тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жүзеге асырады. Сынып жетекшісі қызметінің мақсаты – балалардың жан-жақты дамуын ынталандыру, оқушылардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау, ата-аналармен (басқа да заңды өкілдермен) өзара байланыс орнату және оларды оқу мен тәрбие процесіне тарту.

Тарификациялық + G, коэффициент бекіту үшін төмендегідей комиссия құрылсан:

Комиссия төрайымы: К.М.Амренова, комиссия мүшелері: Э.Д.Енсенова, М.С.Бердибекова, Г.Т.Джакупова, Ж.Т.Самыжан тағайындалсын.

4. Күн тәртібіндегі 4-ші мәселе бойынша мектеп директоры М.Е.Бейсембаева сөз алды:

Мектептің ішкі ережесіне өзгерістер енгізілді, ұжымдық келісім шарт жасалып таныстырылды және еңбек келісім шартымен таныстырылып, бекітілді. Өрт қауіпсіздігі бойынша жауапты тұлғалар тағайындалды. Әртүрлі төтенше жағдайлар туындаған кезде тәрбиеленушілер мен оқушылар, мектеп педагогикалық қызметкерлері мен кіші қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтау және оған жауапты тұлғаны тағайындау мақсатында бұйрық шығарылып, төмендегі тұлға жауапты деп танылды. Өрт және өзгеше төтенше жағдайлар туындаған кезде оқушылармен, педагогикалық қызметкерлер және кіші қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына жауапты тұлға мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары М.Р. Сергазин болып тағайындалды.

Уақытша отты және басқа өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу тәртібін реттеу өрт қауіпсізідігіне қойылатын жалпы талаптарына сәйкес уақытша отты және басқа өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздік ережелері сақталып, отпен жүргізілетін жұмыстарды жүргізетін орындар алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіліп, электр жабдықтарының үздіксіз істеуі мен сақтауы қамтамасыз етілуі міндетті. Электр желісіндегі кернеу болмауы қажет, электр желісінің кернеуі болған жағдайда уақытша отты және басқа өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу тоқтатылып, бақылау жасауға жауапты мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары М.Р.Сергазин тағайындалсын.

Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптарына сәйкес:

1. Өрт дабылы жарияланғанда электр жүйесін сөндіруге жауапты пән мұғалімдері.
2. Өрт болған жағдайда 101 телефонына хабарлауға жауапты мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары М.Р.Сергазин немесе әкімшілік кезекші.
3. Алғашқы өрт сөндіру құралдарымен өрттің таралуына жол бермеу жауапты мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары М.Р.Сергазин
4. Өрт сөндіру машиналарын қарсы алып, объектіге өткізуге жауапты жауапты мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары М.Р.Сергазин
5. Өртті байқаған кезде өрт сөндіру қызметкерлері келгенше қызметкерлердің санын анықтап, зардап шеккен адамдар болса алғашқы медициналық көмек

көрсетілсін. Жауапты мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Э.Д.Енсенова және мектеп медбикесі Л.С.Ахметкалиева
Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптарына сәйкес:
1. Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін оқу кабинеттеріндегі электр құрылғылары және электр жабдықтары өшіріліп, сөндіру қажет. Жауапты кабинет меңгерушілері
2. Кабинеттердің есігі кілтке жабылуы қажет. Жауапты кабинет меңгерушілері
3. Кілттер вахтаға тапсырылып, арнайы журналға белгі қойылу қажет. Жауапты вахтер Б.Ахметжанова
4. Кілттерде кабинеттің нөмірі жанбайтын затқа жазылып,орнатылуы қажет. Жауапты мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары М.Р.Сергазин
5. «Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі ережелері» талаптарына сәйкес қондырғылар мен бұйымдарды, электр құралдар қолдану бойынша тәртіп белгіленсін. Талаптарды орындауына, желі мен құралдарды ажыратуға жауапты болып кабинет меңгерушілері бекітілсін.
6. Құлыппен жабылатын барлық бөлмелер жұмыс күні аяқталғаннан кейін, электр құрылғылар және электр жарықтарын өшіріп, сөндіру қажет.
Әртүрлі төтенше жағдайлар туындаған кезде тәрбиеленушілер мен оқушылар, мектеп педагогикалық қызметкерлері мен кіші қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында өрт және өзгеше төтенше жағдайлар туындаған кезде қарастырылған іс-қимыл бойынша оқушылармен, педагогикалық қызметкерлер және кіші қызметкерлерімен бірге оқулар мен жаттығулар өткізу қажет. Жаттығу жетекшісі болып мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Э.Д.Енсенова тағайындалсын. Жаттығуға дайындық және өткізу штабының басшысы болып Г.М.Кушербаева тағайындалсын. Өрт шыққан жағдайда жаттығу штабының басшысы 2023 жылғы 5 қыркүйегіне дейінгі мерзімде педагогтармен олардың іс-қимылы бойынша оқулар мен жаттығуларға дайындық және өткізу бойынша құжаттар бекітуге ұсынылсын. Өрт шыққан жағдайда жаттығу штабының басшысы 2023 жылғы 5 қыркүйегіне дейінгі мерзімде педагогтармен олардың іс-қимылы бойынша оқулар өткізуге қажетті материалдарды пайдалансын. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары М.Р.Сергазин 2023 жылғы 5 қыркүйегіне дейнгі мерзімде мектептің кіші қызметкерлерімен олардың іс-қимылы бойынша қосымша нұсқаулық өткізілсін. Жаттығуға дайындық пен өткізу кезеңінде оқушылармен қауіпсіздік шараларын сақтау, сондай-ак олардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша әңгіме өткізу үшін жауапты сынып жетекшілеріне жүктелсін. Жаттығуға қатысушылар балалар арасында жарақат алуға мүлікті зақымдауға жол бермеу бойынша маңызды шалалар қабылдансын.
Адам өмірі қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптарына сәйкес, 2023-2024 оқу жылында оқушылармен мектеп қызметкерлерінің өмірін сақтандыру әр түрлі жағдайлардың алдын алу шаралары төмендегідей. Оны қадағалау мен бақылауда ұстау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғалар тағайындалуы қажет. Мектеп оқушыларының және қызметкерлерінің өмірінің сақтандыру ережелерімен таныстырылып, эвакуация жоспары жасалып, көрнекті жерге ілінсін. Төтенше жағдайлар бойынша қауіпсіздік оқу жаттығулары жүргізілсін.

Оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігінің алдын алу қатаң қадағалансын.
ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 876 «Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал обьектілерінің тізбесін бекіту туралы» қаулысының негізінде, Жарма ауданы бойынша «Террористік тұрғыдан осал обьектілердің» (ары қарай ТТО) тізіміне «Адамдар көп жиналатын обьекті, № 1 қосымша» ретінде кіретіндігін ескерте отырып, «Терроризмге қарсы қорғалудың үлгілік паспорты» ҚР Үкіметінің 13.11.2013 жылғы № 1217 қаулысының талаптарына сәйкес:
1. Терроризмге қарсы қорғалудың үлгілік паспорты жасалып Жарма АПБ тексеріліп бекітілсін. Орындаушы М.Р.Сергазин, мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары.
2. «Терроризмге қарсы іс-қимыл» шараларын жүзеге асыру барысында мектептің жауапты адамдарын дайындық курсынан өткізуге АББ-не тізімдерін жіберу. Жауапты мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Енсенова Эльвира Дуйсенбаевна.
3. Мектеп мұғалімдері мен қызеткерлерінің қатысуымен «Терроризмге қарсы іс-қимыл» шараларын таныстырып, ережеге сәйкес журналға қолдарын қойғызу. Жауапты Енсенова Эльвира Дуйсенбаевна.
4. Мектеп мұғалімдері, қызметкерлері және оқушылардың қатысуымен жылына 2 рет оқу-жаттығу іс-шарларын жүргізу. Жауапты Енсенова Эльвира Дуйсенбаевна.
5. АПБ-нің «Терроризмге қарсы іс-қимыл» шараларын жүзеге асыру барысында мектептегі тексерудің қорытындысында көрсетілген кемшіліктерді жоюға байланысты АББ-не қаржы қарастыруға өтініш түсірілсін. Бас есепші З.С.Суйгенбаева.
6. Мектептің күрделі жөндеу сметалық құжаттарына 2023 жылға қосымша «Терроризмге қарсы іс-қимыл» шараларын жүзеге асыру бойынша өзгерістер енгізілсін. Жауапты мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары М.Р.Сергазин.

5. Күн тәртібіндегі 5-ші мәселе аз қамтылған және көпбалалы отбасының оқушыларына материалдық көмек көрсету және ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.С.Жумукбаева сөз алды:

«Абай атындағы мектеп балабақша кешені» КММ директорының 2020 жыл 31 тамыздағы №583/1 бұйрығы негізінде қамқоршылық кеңесі мүшесінен, ата-аналар комитетінен, мектеп әкімшілігі өкілінен, медицина қызметкерінен тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия төрағасы мектеп диреторы М.Е.Бейсембаева, мүшелері:
К.С.Жумукбаева– мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Л.С. Ахметкалиева – мектеп медбикесі;
А.К.Касымова – қамқоршылық кеңесінің төрайымы;
Ә.Кушербаева – ата-аналар комитетінің мүшесі.
Сондай-ақ, мектеп директорының 2020 жыл 31 тамыздағы №583/2 бұйрығы негізінде медицина қызметкерінен, әкімшілік қызметкерінен, өндіріс

меңгерушісі және ата-аналар комитетінің өкілінен тамақтану сапасын мерзімдік бағалауды ұйымдастыру бойынша бракераж комиссиясы құрылды.
Комиссия төрағасы мектеп диреторы М.Е.Бейсембаева, мүшелері:
Жумукбаева.К.С – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Л.С. Ахметкалиева – мектеп медбикесі
Ж.М.Нуркенова– бас аспазшы
Ә.Кушербаева – ата-аналар комитетінің мүшесі
Мектептегі тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мектеп асханасының жұмысына айына 1 рет тексеру жүргізіп отырады. Яғни бүгінгі күні мектептегі тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия қаңтар, ақпан және наурыз айларында тамақ өнімдерінің сапасына, отандық тауар өндірушілердің тамақ өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына мониторинг жүргізді.
Тамақтандырудың сапасын тексеру басшылыққа алынды.
Жеткізілген азық-түліктің сапасын бақылау. Азық-түлікпен қоса шығарылған күні, өнімнің мерзімі және сақталу шарттары көрсетілген құжаттар ұсынылады. Сатылымға сапасы жақсы және қажетті құжаттары бар ас өнімдері жіберіледі. Азық-түліктер санитарлық нормаларға сай сақталады.
Тамақтандыруды ұйымдастырылуына қойылатын санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптарын бақылау. Мектептің медбикесі және өндіріс меңгерушісі жеткізілген азық-түліктің сапасына, азық-түліктің дұрыс есептелуіне және ас әзірленуіне бақылау жүргізеді. Медбике ас блогінің санитарлық жағдайы бойынша журналын жүргізеді. Күн сайын әрбір дайындалған тағамның тәулік сынамасын алынып, арнайы белгіленген орында тәуліктен кем емес уақыт сақталады. «Дайын болған өнімнің сапасын бақылау» бракеражды журнал жүргізіледі. Сондай-ақ ас блогында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қажетті құжаттама (шикі өнімдердің, дайын тағамның бракераж журналдарын, ас блогы қызметкерлерінің денсаулық жағдайын тіркеу журналын, тағамдарды витаминдеуді жүргізу журналын, ас мәзірін, дайындалатын тағамдардың технологиялық картасын, тамақ өнімдеріне кіріс құжаттарын, келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттарды (жүккұжаттар, сәйкестік сертификаттары, сапа куәліктері, ветеринариялық-санитариялық сараптама құжаттары, ұсыныс-пікірлер кітабы бар.
Асхананың санитарлық жағдайын бақылау. Өндіріс орындарының санитарлық жағдайы тамақтандыру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сай. Ыдыс жуатын бөлмелерде қолданылатын жуғыш заттардың құрамы және көлемі көрсетілген. Ас бөлмелерін, жабдықтар мен құралдарды тазалау жұмыстарынан кейін СанПин сай дизинфекция жүргізіледі. Тамақ ішу залдары тамақ ішкен сайын СанПин сай жинастырып жуылады. Ыстық суға жуғыш заттар қосып үстелдер жуылады.

Мектептегі тегін ыстық тамақтануды ұйымдастыру және тексеру қорытындысы бойынша: Жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен бала тегін ыстық тамақпен тамақтанады. I ауысымда барлығы 145 оқушы,оның ішінде 7-10 жаста – 30 оқушы, 11-14 жаста – 28оқушы, 15-17 жаста – 18 оқушы, II ауысымда 69 оқушы барлығыда 11-14 жаста.

Жалпы 10 күндік меню бойынша оқушылар 6 рет бал, алмұрт 3 рет, алма 3 рет, жұмыртқа 10 күнде 1 рет, шырын 1 рет, кисель 1 рет, сүт 3 рет, айран 1 рет кампот 2 рет, сарымай 6 рет, ірімшік 4 рет, қолдан псірілген печенье 4 рет беріледі. (10 күндік меню косымша экраннан көрсетілді)

Асхана санитарлық нормаға сай, қажетті құрылғылармен жабдықталған. Сондай-ақ мектеп асханасындағы азық-түліктің сапасын және ас мәзірінің дәмдік сапасын бақылауына бракераж комиссия мүшелері құрылған. Бракераж комиссия мүшелері азық-түліктің сапасын тексеріп қабылдайды және тамақтың сапасын, санитарлық талаптарға сай болуын қадағалайды. Тексеріс барысында анықталғаны асханадағы азық-түліктің сақталу мерзімін растайтын сертификаттары бар. Аспазшы дайындалған тағамның тәуліктік сынамасын алып отырады. Комиссия мүшелері тарапынан мектепке жеткізілген азық-түліктің сапасы, тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімі тексеріліп, қолданысқа беріліп отырады. Тез бұзылатын тамақ өнімдері: ет, сүт және т.б. тағамдарды мектеп асханасындағы сақтау температурасы төмен тоңазытқышта сақтайды. Тоңазытқыштың іші таза санитарлық-гигиеналық талапқа сай, ішкі температураны бақылауға арналған термометр орнатылған. Көкөніс өнімдері асханадағы қойма бөлмесіндегі арнайы жасалған сөрелерде, бөлек қораптарда сақталады. Мектепте арнайы тегін тамақпен қамтылған оқушылардың саны қадағаланып, тіркеу журналына белгіленіп отырады. Асханадағы дайындалатын күнделікті тағам мемлекет тарапынан ыстық тамақпен қамтылған оқушылар санына қарай күнделікті даярланады. Мектеп медбикесі асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын, күнделікті мектеп оқушыларына берілетін ыстық тағамға органалептиқалық бақылау жүргізіп, бракераж журналына тіркеп отырады. Асханадағы тамақтанатын залда мектеп басшысымен бекітілген ас мәзірі ілініп тұрады. Онда тағамдардың атауы, әр дайын тағамның шығыны көрсетіледі. Осы ас мәзірі бойынша тағамның дайындалуын, шикі тағамдардың жарамдылығын және тыйым салынған тағамдардың дайындалмауын күнделікті қадағалап отырады. Дайындалатын тағамдар ас мәзірі рецептураларына сәйкес жасалып отырады. Асханада тағамдардың дайындалу тәсілі, тамақтың сапасы, құнарлылығын комиссия мүшелері күнделікті қадағалап отырады. Сондай-ақ ыстық тамақты талапқа сай дайындалуын қадағалап отырады. Ыдыстар арнайы ыдыс жуатын орында жуылып, шайылып, кептіріледі. Асханада қайнатылған су эмальды ыдыста қолданыста тұрады. Қолданыста жүрген ыдыстар 0,015% хлор ерітіндісімен залалсыздандырады. Асханада қол жуатын қолжуғыш, сабын үнемі қолданыста тұрады. Асхананың іші таза, жарық, санитарлық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде. Технологиялық және тазалықты сақтау құралдарымен жабдықталған. Асханада 6 жұмысшы олардың әр қайсысында жұмыс істеуге рұқсаты бар медициналық кітапшалары бар. Мерзімі жұмыс уақытына сәйкес келеді. Қорытындылай келе мектептегі тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мектептегі тегін ыстық тамақтануды

ұйымдастыру және тексеру қорытындысы бойынша қаңтар, ақпан және наурыз айларында тамақ өнімдерінің сапасына, отандық тауар өндірушілердің тамақ өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асханаңың санитарлық жағдайына қанағаттанарлық деп баға беріп отыр.

6. Күн тәртібіндегі 6-шы мәселе алғашқы қоңырау мерекесін өткізу туралы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.С.Жумукбаева сөз алды:

Білім күнін өткізу 1 қыркүйекте «Білім күнін» өткізу форматын білім беру ұйымдары дербес анықтайды және мектептің барлық қауымдастығының қатысуын қамтамасыз етеді. Білім күніне арналған сынып сағатының ұсынылып отырған тақырыбы: «Мектебім – мейірім мекені!». Мемлекеттік туды көтеру және Гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес жүргізіледі. Педагогтер ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, достық пен жауапкершілік, бір-біріне сыйластық құндылықтарын дарытуға мән беруі қажет. Салтанатты жиынға мектеп оқушыларының ата-аналары/заңды өкілдері, ата-аналар комитетінің мүшелері, оның ішінде бірінші сынып оқушыларының ата-аналарының/заңды өкілдерінің бірінің іс-шараларға қатысуының маңызды екендігіне назар аудару қажет. Мыналар:

– балалардың жазғы демалыстан алған әсерлерін, сондай-ақ жаңа оқу жылынан не күтетіндерін талқылау;

– «Оқуға құштар мектеп» жобасы шеңберінде жазғы демалыс барысында оқылған кітаптарды талдау, бала үшін қызықты және маңызды оқиғаларды талқылау;

– заманауи интерактивті технологияларды, қосымша көрнекі құралдарды қолдану, мұражай, кітапхана ресурстарын пайдалану ұсынылады.

Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтер арасында Жобамен жұмыс жасау барысында жобаға жетекші педагог білім алушыларға жұмыстың барлық кезеңдерінде тәлімгер әрі кеңесші ретінде қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық ізденістеріне сенім білдіріп, өз жұмысының нәтижесі үшін өз бетінше шешім қабылдауына мүмкіндік беруі маңызды. Сонымен қатар жобалар тақырыптары ұсыным ретінде беріліп отыр. 36 әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша «Мектеп – мейірбандық мекені» республикалық челленджін өткізу ұсынылады.

7. Күн тәртібіндегі 7-ші мәселе бойынша кәсіподақ ұйымының төрайымы К.М.Амренова сөз алды. География және биология пәндерінің мұғалімі Тунгатова Гульназ Слямовнаның көп жылғы қажырлы еңбегін, жеткен жетістіктерін айта келе, марапатталушының нақты ерекше еңбегі және өлшемшарттарды ескере отырып, балдары көрсетілген мінездемесімен таныстырды. Барлығы: 47,9 балл, мұғалімдер күніне орай Тунгатова Гульназ Слямовнаны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Құрмет грамотасымен марапаттауға ұсыныс жасады.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқылана келе төмендегідей қаулы қабылдансын.

Қаулы:

1. 2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысына есеп «Қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. 2023-2024 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының жоспары бекітілсін. «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ-нің 2023-2024 оқу жылына жұмыс оқу жоспары бекітілсін және аудандық білім бөліміне ұсынылсын.
3. Пән мұғалімдерінің 2023-2024 оқу жылына арналған күнтізбелік–тақырыптық жоспарлары бекітілсін. Тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары бекітілсін.
4. Мектеп әкімшілігінің, сынып жетекшілердің, пән мұғалімдерінің лауазымдық міндеттері және тарификациялық комиссия құрамы бекітілсін;
5. Мектептің ішкі ережесі, ұжымдық келісім шарт, еңбек келісім шарты бекітілсін.
6. Өрт қауіпсіздігін қадағалау мен бақылауда ұстау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғалар:
   1) Топ басшысы әскери жетекшісі Г.М. Кушербаева
   2) Топ мүшелері
   - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Э.Д. Енсенова
   - мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары М.Р. Сергазин тағайындалсын.
7. Аз қамтылған және көпбалалы отбасының оқушыларына материалдық көмек көрсету және ыстық тамақпен қамтамасыз ету үнемі бақылауда болсын;
8. Алғашқы қоңырау мерекесін өткізу жоспары бекітілсін.
9. География және биология пәндерінің мұғалімі Тунгатова Гульназ Слямовна Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Құрмет грамотасымен марапаттауға ұсынылсын.

Мектеп директоры: М.Е.Бейсембаева

Хатшы: Ж.Т.Абылханова

Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің
«Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
педагогикалық кеңес хаттамасы

№2

Қатысқандар: 42 күні: 31.10.2023ж

Қатыспағаны:

Тақырыбы: **«Мұғалімнің кәсіби деңгейін көтеру арқылы жаңа форматты мұғалім қалыптастыру»**

Күн тәртібінде:

1. I тоқсанның қорытындысы. Оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі. Екінші тоқсанның міндеттері;
2. Білім алушыларға тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша атқарылған жұмыстар;
3. "Жаңа форматтағы мұғалім";
4. 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі мен 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу ерекшіліктерін, оқу мотивациясын кешенді зерттеу;
5. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуының мониторингі.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе I тоқсанның қорытындысы, оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі және екінші тоқсанның міндеттері бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Э.Д.Енсенова сөз алды: 2023-2024 оқу жылы I тоқсан қорытындысымен оқушылардың қозғалысы мен үлгерімі «Балапан» тобында жыл басында 25 бала, қызы-14, ұлы-11, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 25 бала. «Балдырған» тобында 25 бала, қызы-18, ұлы-7, келген-кеткені жоқ. Кіші орталықта 15 бала, қызы-7, ұлы-8, келген-кеткені жоқ. 0 А сыныбында 15 оқушы қызы-5, ұлы-10. Келген - кеткені жоқ. 0 «Б» сыныбында 15 оқушы қызы-5, ұлы-10, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 15 оқушы. 1 «А» сыныбында 15 оқушы, қызы-6, ұлы-9, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 15 оқушы. 1 «Б» сыныбында 14 оқушы, қызы-8, ұлы-6, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 14 оқушы. 2 «А» сыныбында 13 оқушы, қызы-7, ұлы-6, келеген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 13 оқушы. Үздіктер-5, екпінділер-5, орташа-3, білім сапасы-77%, үлгерімі - 100%. 2 «Б» сыныбында 13 оқушы, қызы-5, ұлы-8, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 13 оқушы, үздіктер-4, екпінділер-5, орташа-4, білім сапасы-69%, үлгерімі-100%. 3 «А» сыныбында 12 оқушы, қызы-6, ұлы-6, кетті-1, тоқсан соңында-11 оқушы, қызы-5, ұлы-6, үздіктер-4, екпінділер-6, орташа-1, білім сапасы-91, үлгерімі-100. 3 «Б» сыныбында 14 оқушы, қызы-8, ұлы-6, келді-1, тоқсан соңында-15 оқушы, қызы-8, ұлы-7, үздіктер-4, екпінділер-5, орташа-6, білім сапасы-60%, үлгерімі-100%. 4 «А» сыныбында 17 оқушы, қызы-8, ұлы-9, келді-1, тоқсан соңында-18

оқушы, қызы-8, ұлы-10, үздіктер-5, екпінділер-10, орташа-3, білім сапасы-83%, үлгерімі-100%. 1-4 сыныптар 98 оқушы, қызы-48, ұлы-50, келді-2, кетті-1, тоқсан соңында-99 оқушы, қызы-47, ұлы-52, үздіктер-22, екпінділер-31, орташа-17, білім сапасы—76%, үлгерімі-100%. 5 «А» сыныбында 17 оқушы, қызы-6, ұлы-11, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 17 оқушы, үздіктер-3, екпінділер-10, орташа-4, білім сапасы-76%, үлгерімі-100%. 6 «А» сыныбында 14 оқушы, қызы-4, ұлы-10, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында -14 оқушы, үздіктер-4, екпінділер-8, орташа-2, білім сапасы-86%, үлгерімі-100%. 6 «Б» сыныбында 14 оқушы, қызы-3, ұлы-11, кетті-1, тоқсан соңында 13 оқушы, қызы-3, ұлы-10, үздіктер-5, екпінділер-4, орташа-4, білім сапасы-69, үлгерімі-100. 7 «А» сыныбында 15 оқушы, қызы-7, ұлы-8, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 15 оқушы, үздіктер-4, екпінділер-6, орташа-5, білім сапасы-67, үлгерімі-100. 8 «А» сыныбында 14 оқушы, қызы-7, ұлы-7, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 14 оқушы, үздіктер-4, екпінділер-6, орташа-4, білім сапасы-71, үлгерімі-100. 8 «Б» сыныбында 13 оқушы, қызы-7, ұлы-6, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 13 оқушы, үздіктер-4, екпінділер-5, орташа-4, білім сапасы-69, үлгерімі-100. 9 «А» сыныбында 14 оқушы, қызы-7, ұлы-7, келген-кеткені жоқ, үздіктер-2, екпінділер-7, орташа-5, білім-сапасы-64, үлгерімі-100. 9 «Б» сыныбында 14 оқушы, қызы-8, ұлы-6, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 14 оқушы, үздіктер-4, екпінділер-4, орташа-6, білім сапасы-57, үлгерімі-100. 5-9 сыныптарда 115 оқушы, қызы-49, ұлы-66, кетті-1, тоқсан соңында 114 оқушы, қызы-49, ұлы-65, үздіктер-30, екпінділер-50, орташа-34, білім сапасы-70, үлгерімі-100. 10 «А» сыныбында 17 оқушы, қызы-6, ұлы-11, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 17 оқушы, үздіктер-6, екпінділер-7, орташа-7, білім сапасы-59, үлгерімі-100. 11 «А» сыныбында 12 оқушы, қызы-7, ұлы-5, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 12 оқушы, үздіктер-3, екпінділер-6, орташа-3, білім сапасы-75, үлгерімі-100. 10-11 сыныптарда барлығы 29 оқушы, қызы-13, ұлы-16, келген-кеткені жоқ, тоқсан соңында 29 оқушы, үздіктер-9, екпінділер-10, орташа-10, білім сапасы-65, үлгерімі-100.

1-11 сыныпта барлығы 242 оқушы, қызы-110, ұлы-132. Келді-2, кетті-2, тоқсан соңында 242 оқушы, қызы-111, ұлы-313, үздіктер-61, екпінділер-91, орташа-61, білім сапасы - 71% тұрақты, үлгерімі - 100%.

2. Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе білім алушыларға тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.С.Жумукбаева сөз алды:

Жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен балалар тегін ыстық тамақпен тамақтанады. I ауысымда барлығы 145 оқушы,оның ішінде 7-10 жаста – 30 оқушы, 11-14 жаста – 28 оқушы, 15-17 жаста – 18 оқушы, II ауысымда 69 оқушы барлығыда 11-14 жаста.

Жалпы 10 күндік меню бойынша оқушылар 6 рет бал, алмұрт 3 рет, алма 3 рет, жұмыртқа 10 күнде 1 рет, шырын 1 рет, кисель 1 рет, сүт 3 рет, айран 1 рет кампот 2 рет, сарымай 6 рет, ірімшік-4 рет, қолдан псірілген печенье 4 рет беріледі. (10 күндік меню косымша экраннан көрсетілді)

Асхана санитарлық нормаға сай, қажетті құралғылармен жабдықталған. Сондай-ақ мектеп асханасындағы азық-түліктің сапасын және ас мәзірінің дәмдік сапасын бақылауына бракераж комиссия мүшелері құрылған. Бракераж

комиссия мүшелері азық-түліктің сапасын тексеріп қабылдайды және тамақтың сапасын, санитарлық талаптарға сай болуын қадағалайды. Тексеріс барысында анықталғаны асханадағы азық-түліктің сақталу мерзімін растайтын сертификаттары бар. Аспазшы дайындалған тағамның тәуліктік сынамасын алып отырады. Комиссия мүшелері тарапынан мектепке жеткізілген азық-түліктің сапасы, тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімі тексеріліп, қолданысқа беріліп отырады. Тез бұзылатын тамақ өнімдері: ет, сүт және т.б. тағамдарды мектеп асханасындағы сақтау температурасы төмен тоңазытқышта сақтайды. Тоңазытқыштың іші таза санитарлық-гигиеналық талапқа сай, ішкі температураны бақылауға арналған термометр орнатылған. Көкөніс өнімдері асханадағы қойма бөлмесіндегі арнайы жасалған сөрелерде, бөлек қораптарда сақталады. Мектепте арнайы тегін тамақпен қамтылған оқушылардың саны қадағаланып, тіркеу журналына белгіленіп отырады. Асханадағы дайындалатын күнделікті тағам мемлекет тарапынан ыстық тамақпен қамтылған оқушылар санына қарай күнделікті даярланады. Мектеп медбикесі асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын, күнделікті мектеп оқушыларына берілетін ыстық тағамға органалептиқалық бақылау жүргізіп, бракераж журналына тіркеп отырады. Асханадағы тамақтанатын залда мектеп басшысымен бекітілген ас мәзірі ілініп тұрады. Онда тағамдардың атауы, әр дайын тағамның шығыны көрсетіледі. Осы ас мәзірі бойынша тағамның дайындалуын, шикі тағамдардың жарамдылығын және тыйым салынған тағамдардың дайындалмауын күнделікті қадағалап отырады. Дайындалатын тағамдар ас мәзірі рецептураларына сәйкес жасалып отырады. Асханада тағамдардың дайындалу тәсілі, тамақтың сапасы, құнарлылығын комиссия мүшелері күнделікті қадағалап отырады. Сондай-ақ ыстық тамақты талапқа сай дайындалуын қадағалап отырады. Ыдыстар арнайы ыдыс жуатын орында жуылып, шайылып, кептіріледі. Асханада қайнатылған су эмальды ыдыста қолданыста тұрады. Қолданыста жүрген ыдыстар 0,015% хлор ерітіндісімен залалсыздандырады. Асханада қол жуатын қолжуғыш, сабын үнемі қолданыста тұрады. Асхананың іші таза, жарық, санитарлық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде. Технологиялық және тазалықты сақтау құралдарымен жабдықталған. Асханада 6 жұмысшы олардың әр қайсысында жұмыс істеуге рұқсаты бар медициналық кітапшалары бар. Мерзімі жұмыс уақытына сәйкес келеді. Қорытындылай келе мектептегі тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия

мектептегі тегін ыстық тамақтануды ұйымдастыру және тексеру қорытындысы бойынша қаңтар, ақпан және наурыз айларында тамақ өнімдерінің сапасына, отандық тауар өндірушілердің тамақ өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына қанағаттанарлық деп баға беріп отыр.

3. Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша «Жаңа форматтағы мұғалім» тақырыбында М.К.Бердібекова мен Ж.Т.Абылханова сөз алды:

Жаһандану қоғамындағы білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен түбегейлі жаңарулар дәуірінде мұғалім алдында тұрған мақсаттар мен міндеттердің талабы орасан зор. Жаңа форматтағы мұғалім - өзін жан-жақты дамытқан, адамзат әлеміндегі рухани байлықты бойына жинаған, рухани жағынан бай жеке тұлға. Мұғалім информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек.

Оқушыны субъект ретінде қарастырып, оның өзін-өзі тануына жол ашу, жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту, «Мен» менталитетін қалыптастыру білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау- бүгінгі таңдағы мұғалімнің кезек күттірмейтін қасиетті міндеті. Мұғалім жеке тұлғаға көтерілмей, мұндай зор мақсатқа жету екіталай. Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру, технологияландыру әр мұғалімнен ғылыми еңбекті талап етеді. Педагогика, технология әлеміндегі жаңалықтарға үңілу, оны зерделей, зерттей отырып іс-тәжірибеге пайдалану, өзінің техногиясын қалыптастыру- заман талабы, заман ағымына ілесу де оңай емес. Кәсіби біліктілігі жоғары өзіндік позициялы, бағалы бейімділігі бар сапалы маман даярлау- бүгінгі өмір талабы. Жаңа форматтағы сабақ-сапалы білімнің кепілі.

Мен қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ беретіндіктен сабақ процесінде оқушылардың ана тіліндегі сөйлеу мәнері жоқ екенін байқап қаламын, сондықтан оқудағы жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы осы қиындықтан шығар жол іздеудемін және біртіндеп жақсы нәтижелерге қол жеткізіп келемін. Оқушы қабілетін шыңдау, қызығушылығын ескеру, деңгейлік тапсырмалар дайындау, топтық, жұптық, жеке тапсырмалар түрін байланыстыра қолдану, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушыны жетелеу, сабақты түрлендіре білу – жетістікке жеткізер жолдар деп есептеймін.

Сонымен қатар, сөз алған ұстаздар өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, сабақта қолданып жүрген әдістерін ортаға салып, мұғалімдер қауымына тапсырма берді.

4. Күн тәртібіндегі 4-ші мәселе 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі мен 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі ерекшіліктерін, оқу мотивациясын кешенді зерттеу бойынша мектеп психологы А.Е.Галиева сөз алды:

2023-2024 оқу жылы бойынша 1 сынып оқушыларының мектепке және 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі бақыланды. Қыркүйек айының алғашқы күнінен оқушыларды дәлізден қарсы алып, көңіл-күйлері бақыланып ата-аналарымен байланыста жұмыс жүргізілді. Биылғы оқу жылына мектебімізде 1 «А» және 1 «Б» сыныптары ашылды. 1 «А» сыныбында 15 оқушы 6 қыз, 9 ұл бала, сынып жетекшісі А.Х.Есенгелдинова. Оқушылардың мектепке бейімделуі қыркүйек айынан сатылап қазіргі күнге дейін жоғары деңгейде өтуде. Оқушылар мектеп өміріне ойдағыдай қалыптасты. Сабаққа кешігу, сабақтан себепсіз қалу жағдайлары жоқ. Жоспарға сай оқушылармен Керн Иерасек әдістемесі бойынша жұмыс жүргізілді. Бірінші тапсырма – ер адамның сыртқы пішінін салу, екінші - әріптердің жазба түрін көшіріп жазу, үшінші – нүктелер тобын көшіріп жазу тапсырмадан тұрады. Әдістеме қортындысы бойынша 1 «А» сыныбында 15 оқушысы қатысты 6 оқушы 6 ұпай

аралығында яғни мектепке бейімделуі жоғары деңгей, 9 оқушы 7-11 ұпай аралығында мектепке бейімделуі орташа денгейде екендігі анықталды. Сыныптың жалпы психологиялық ахуалы жақсы. 1 «Б» сыныбында 14 оқушы 5 ұл бала, 8 қыз бала, сынып жетекшісі Ғ.Ш.Турсынканова. 1 «Б» сыныбы әдістеме қортындысы бойынша өздері жақсы деңгейде көрсете білді. 14 оқушы 6 оқушы 6 ұпай аралығында, яғни мектепке бейімделуі жоғары деңгейде, 8 оқушы 7-11 ұпай аралығында мектепке бейімделуі орташа деңгейде екендігі анықталды. Жалпы сыныптың психологиялық ахуалы жақсы.

5 «Б» сыныбында 17 оқушы, 11 ұл бала, 6 қыз бала сынып жетекшісі А.С.Кабышева. Сыныптың тәртібі жақсы, балалар ұйымшыл. Оқушылар орта буынға қалыпты жағдайда бейімделуде. Сынып жетекшілерімен қарам-қатынастары жақсы. Сынып жетекшілерімен қарам-қатынастары жақсы. Оқушылардан «Мектепке қарым-қатынасы» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнаманың қортындысы бойынша оқушылардың мектепке қарым-қатынасының жоғары деңгейін көрсетті. «Мектеп мотивациясын тексеруге арналған» Н.Г.Лусканова әдістеме.

Мақсаты: «Мектепте маған не ұнайды?» деген тақырыпта оқушыға сурет салу тапсырылды. Қатысқан 13 оқушы.

-Оқушының таным мотиві мен оқу белсенділігі оқу жағдайындағы мектеп мотивациясының жоғарылығын көрсеткен оқушы: Інкәр, Азамат, Мейрамбек, Алтайыр, Бек, Нұржігіт, Айару, Медина, Азиз, Ақәділ, Мансұр, Гүлім, Еркежан.

Оқу процесін адаптациялау» Н.Г. Лусканова әдістемесі

